

1-диалог

М: Мынау қалам ба?

О-1: Иә, бұл қалам.

М: Бұл қарындаш па?

О-2: Жоқ, бұл қарындаш емес

М: Бұл қалам ба, әлде қарындаш па?

О-3: Бұл қарындаш емес, бұл қалам.

М: Бұл не?

О-4: Бұл -қалам.

2-диалог

М: Бұл қара қарындаш па?

О: Иә, бұл- қара қарындаш.

М: Бұл қызыл қарындаш па?

О: Жоқ, бұл- қызыл қарындаш емес.

М: Бұл қара қарындаш па, әлде қызыл қарындаш па?

О: Бұл- қызыл қарындаш емес, бұл -қара қарындаш.

М: Бұл не?

О: Бұл- қара қарындаш.

Диалог 1

-Сәлем! Сенің атың кім?

-Сәлем! Менің атым Дәрия. **Сенің атың кім?**

-**Менің атым** Лия.

-Бұл кім?

-Бұл-Анна. Ол- **менің досым.**

Диалог 2

-Сәлем! Сенің атың кім?

-Сәлем! Менің атым Имран. **Сенің атың кім?**

-Менің атым Саша.

-Бұл **сенің досың ба?**

-Иә, бұл- **менің досым.**

-Оның аты кім?

-**Оның аты** Дастан.

Диалог 3

-Сәлем! Сенің атың кім?

- Сәлем! Менің атым Бақыткелді. Сенің атың кім?
- Менің атым Мұса.
- Бұл кім?
- Бұл- **менің ағам.**
- Оның аты кім?
- Оның аты Әли.

Диалог 4

- Сәлем! Сенің атың кім?
- Сәлем! Менің атым Саша. Сенің атың кім?
- Менің атым Әли.
- Бұл кім?
- Бұл- **менің інім.**
- Оның аты кім?
- Оның аты Мұса.

Диалог 5 М—О-1---О2

- Сенің атың кім?- деп сұрашы.
- Менің атым Қарақат. Сенің атың кім?
- Менің атым Айым.
- Бұл кім?-деп сұрашы.
- Бұл кім?
- Бұл- **менің апам.**
- Оның аты кім? -деп сұрашы.
- Оның аты кім?
- Оның аты Дәрия.

Диалог 6

- Сенің атың кім? - деп сұрашы.
- Менің атым Айдана. Сенің атың кім?
- Менің атым Әйгерім.
- Бұл кім? -деп сұрашы.
- Бұл кім?
- Бұл- **менің сіңлім.**
- Оның аты кім? -деп сұрашы.
- Оның аты кім?

- Оның аты- Айару.

Диалог 7

- Сәлем! Сенің атың кім?
- Сәлем! Менің атым Әли. Сенің атың кім?
- Менің атым Имран.
- Бұл кім?
- Бұл- **менің қарындасым.**
- Оның аты кім?
- Оның аты- Сайда.

Диалог 8

- Сәлем! Сенің атың кім?
- Сәлем! Менің атым Анна. Сенің атың кім?
- Менің атым Әйгерім.
- Бұл **сенің досың ба?**
- Иә, бұл- **менің досым.**
- Оның аты кім?
- Оның аты- Настя.

Диалог 9

- Сәлем! Сенің атың кім?
- Сәлем! Менің атым Имран. Сенің атың кім?
- Менің атым Саша.
- Бұл сенің **ағаң ба?**
- Иә, **бұл- менің ағам .**
- Оның аты кім?
- Оның аты- Әли.

Диалог 10

- Бұл кісі кім?
- Бұл кісі –менің атам.
- Атаңның аты кім?
- Атамның аты-Асан.
- Сенің атаң қандай кісі?
- Менің атам -мейірімді кісі.

Диалог 11

- Бұл кісі сенің әжең бе?
- Иә, бұл кісі –менің әжем.
- Әжеңнің аты кім?
- Әжемнің аты-Қалима.
- Сенің әжең қандай кісі?
- Менің әжем-мейірімді кісі.

Диалог 12

- Бұл кісі кім?
- Бұл кісі –менің әкем.
- Әкеңнің аты кім?
- Әкемнің аты- Асқар.
- Сенің әкең қандай кісі?
- Менің әкем – жақсы кісі.

Диалог 13

- Бұл кісі сенің анаң ба?
- Иә, бұл кісі –менің анам.
- Анаңның аты кім?
- Анамның аты- Гүлшара.
- Сенің анаң қандай кісі?
- Менің анам– жақсы кісі.

Диалог 14

- Бұл кім?
- Бұл– оның досы.
- Оның аты кім?
- Оның аты-Максим.
- Ол қандай бала?
- Ол– ақылды бала.

Диалог 15

- Бұл сенің досың ба?
- Иә, бұл–менің досым.
- Оның аты кім?
- Оның аты-Әсия.
- Ол қандай дос?

-Ол–жақсы дос.

Диалог 16

-Сенің досың бар ма?

-Иә, менің досым бар.

-Оның аты кім?

-Оның аты-Саша .

-Ол қандай бала?

-Ол– ақылды бала.

-Ол неше жаста?

-Ол жетіде.

Диалог 17

-Бұл не?

-Бұл – қоян.

-Қоян кішкентай ма?

-Иә, кішкентай.

-Оның аты қалай?

-Оның аты- Ақмоншақ.

-Ол қайда тұрады?

-Ол торда тұрады.

Диалог 18

-Бұл не?

-Бұл – ойыншық аю.

-Кімнің ойыншығы?

-Менің ойыншығым.

-Ойыншық аю жұмсақ па?

-Иә, ойыншық аю жұмсақ.

Диалог 19

-Бұл қандай ойыншық?

-Бұл -мәшине.

-Мәшине жұмсақ па?

-Жоқ, мәшине- қатты ойыншық.

-Кімнің ойыншығы?

-Досымның ойыншығы.

Диалог 20

- Сенің аюың бар ма?
- Жоқ, менің аюым жоқ.
- Қандай ойыншығың бар?
- Менің кірпім, қонжығым бар.
- Кірпің қандай?
- Кірпім кішкентай.
- Қонжығың қандай?
- Қонжығым үлкен.

Диалог 21

- Сенің неше ойыншығың бар?
- Менің үш ойыншығым бар.
- Қандай ойыншықтарың бар?
- Екі қояным, бір пілім бар. Ал, сенің пілің бар ма?
- Жоқ, менің пілім жоқ. Менің екі мәшинем бар.

Диалог 22

- Сенің қаламың бар ма?
- Иә, менің қаламым бар.
- Неше қаламың бар?
- Менің төрт қаламым бар.
- Олардың түсі қандай?
- Олардың түсі көк, қызыл, жасыл және қара.

Диалог 23

- Мынау қаламсауыт па?
- Иә, бұл- қаламсауыт.
- Қаламсауыт қандай?
- Қаламсауыт әдемі, жаңа.
- Кімнің қаламсауыты?
- Менің қаламсауытым.

Диалог 24

- Бұл ұштағыш па?
- Иә, бұл-ұштағыш.

-Бұл өшіргіш пе?
-Жоқ, бұл -өшіргіш емес.
- Бұл ұштағыш па, әлде өшіргіш пе?
-Бұл-өшіргіш емес, бұл-ұштағыш.
-Бұл не?
-Бұл -ұштағыш.

Диалог 25

-Бұл бассейн бе?
-Иә, бұл- бассейн.
-Бассейнде су таза ма?
-Иә, бассейнде су таза.
-Ал мынау не?
-Бұл –аула.
-Аула қандай?
-Аула үлкен.
-Аула таза ма?
-Жоқ, аула таза емес, аула лас.

Диалог 14

М: Бұл не?
О: Бұл-мектептің ауласы.
М: Мектептің ауласы қандай?
О: Мектептің ауласы үлкен.
М: Мектептің ауласы кішкентай ма?
О: Жоқ, мектептің ауласы кішкентай емес.
М: Мектептің ауласы үлкен бе?
О: Иә, мектептің ауласы үлкен.
М: Мектептің ауласы үлкен бе, кішкентай ма?
О: Мектептің ауласы үлкен , кішкентай емес.

Диалог 17

1. -Бұл кім?
-Бұл-құрылысшы.
2. -Құрылысшы не істеді?
- Құрылысшы салды.
3. -Құрылысшы не салды?

- Құрылысшы үй салды.
4. -Құрылысшы қанша үй салды?
-Құрылысшы көп үй салды.
5. -Құрылысшы қандай үй салды?
-Құрылысшы көп әдемі үй салды.

Диалог 18

- Бұл не?
-Бұл- гүл.
-Не алдың?
-Гүл алдым.
- Кім гүл алды?
-Мен гүл алдым.
-Сен қандай гүл алдың?
-Мен әдемі гүл алдым.
-Сен әдемі гүлді қайдан алдың?
-Мен әдемі гүлді вазадан алдым.

Диалог 19

- Бұл не?
-Бұл-қалам
-Кімнің қаламы?
-Менің қаламым.
-Сенің қаламың қандай?
-Менің қаламым қызыл.
-Сенің неше қызыл қаламың бар?
-Менің үш қызыл қаламым бар.
-Сенің үш қызыл қаламың қайда?
-Менің үш қызыл қаламым сөмкемде.

Диалог 20

- Бұл кім?
-Бұл- мен.
-Сен не істеп отырсың?
-Мен оқып отырмын.
-Сен не оқып отырсың?
-Мен кітап оқып отырмын.
-Сен қандай кітап оқып отырсың?
-Мен ертегі кітап оқып отырмын.
-Сен қандай ертегі кітап оқып отырсың?

- Мен қызық ертегі кітап оқып отырмын.

Диалог 21

-Бұл кім?

-Бұл –бала.

-Бала не істеді?

-Бала киді.

-Бала не киді?

-Бала киім киді.

-Бала қандай киім киді?

-Бала жылы киім киді.

Диалог 22

-Мынау не?

-Бұл-ойыншық.

-Кімнің ойыншығы?

-Менің ойыншығым.

-Сенің ойыншығың жұмсақ па?

-Иә, менің ойыншығым жұмсақ.

-Сенің жұмсақ ойыншығың жаңа ма?

-Иә, менің жұмсақ ойыншығым жаңа.

-Сенің жұмсақ, жаңа ойыншығың қайда?

-Менің жұмсақ, жаңа ойыншығым бөлмемде.

Диалог 23

-Мынау не?

-Бұл-оқулық.

-Бұл қандай оқулық?

-Бұл-қазақ тілі оқулығы.

-Кімнің қазақ тілі оқулығы?

-Менің қазақ тілі оқулығым.

-Сенің қазақ тілі оқулығың жаңа ма?

-Иә, менің қазақ тілі оқулығым жаңа.

-Сенің жаңа қазақ тілі оқулығың қайда жатыр?

-Менің жаңа қазақ тілі оқулығым үстелде жатыр.

Диалог 24

-Мынау не?

-Бұл-бәйшешек.

- Бәйшешек қайтті?
- Бәйшешек гүлдеді.
- Бәйшешек қашан гүлдеді?
- Бәйшешек көктемде гүлдеді.
- Бәйшешек көктемде ерте гүлдеді ме?
- Иә, бәйшешек көктемде ерте гүлдеді.
- Бәйшешек көктемде қайда ерте гүлдеді?
- Бәйшешек көктемде тауда ерте гүлдеді.

Диалог 25

- Мынау ненің суреті?
- Бұл –гүлдің суреті.
- Гүлдің суреті қандай?
- Гүлдің суреті әдемі.
- Әдемі гүлдің суретін не істедің?
- Әдемі гүлдің суретін сыйладым.
- Әдемі гүлдің суретін кімге сыйладың?
- Әдемі гүлдің суретін анама сыйладым.
- Әдемі гүлдің суретін анаңа қашан сыйладың?
- Әдемі гүлдің суретін анама мерекеде сыйладым.

Диалог 18

- Гоша, құлын мен бұзау үй жануарлары ма?
- Иә, құлын мен бұзау -үй жануарлары.
- Ерсұлтан, сенің мысығың бар ма?
- Жоқ, менің мысығым жоқ, күшігім бар.
- Сенің күшігің қандай?
- Күшігім кішкентай, сүйкімді.
- Бексұлтан: мынау не?
- Бұл –үйрек.
- Бұл кімнің үйрегі?
- Бұл- әжемнің үйрегі.
- Үйректің балапаны бар ма?
- Иә, үйректің балапаны бар.

- Ал, үйрек не жейді?
- Үйрек жем жейді.
- Жемді кім береді?
- Жемді Қарақат пен Бексұлтан береді.

Диалог 14

Сыныптағы заттар

- Сынып бөлмесі қандай?
- Сынып бөлмесі кең, жарық.
- Сыныпта не бар?
- Сыныпта парталар, тақта, орындықтар, шкафтар бр.
- Шкафтың ішінде не бар?
- Шкафтың сөресінде кітаптар жинаулы тұр.
- Ал басқа шкафта не бар?
- Бұл- киім шкафы. Онда киімдер ілулі тұр.
- Қабырғада не ілулі тұр?
- Қабырғада Қазақстанның картасы және қазақ әліпбиі ілулі тұр.

Диалог 11

Сыныптағы заттар

- Сынып бөлмесі қандай?
- Сынып бөлмесі кең, жарық.
- Сыныпта не бар?
- Сыныпта парталар, тақта, орындықтар, шкафтар бр.
- Шкафтың ішінде не бар?

-Шкафтың сөресінде кітаптар жинаулы тұр.

-Ал басқа шкафта не бар?

-Бұл- киім шкафы. Онда киімдер ілулі тұр.

-Қабырғада не ілулі тұр?

-Қабырғада Қазақстанның картасы және қазақ әліпбиі ілулі тұр.

Диалог 12

Менің сыныбым

-Айерке, мынау менің сыныбым. Менің сыныбым үлкен, жарық және жайлы. Ал, сенің сыныбың қандай?

-Менің сыныбым да кең, жарық. Сыныпта үш терезе бар. Терезенің алдында гүлдер өсіп тұр.

-Біздің сыныпта гүлдер арнайы сөрелерге орналастырылған. Сенің сыныбыңда тағы не бар?

-Менің сыныбымда алдыңғы қабырғада теледидар ілулі тұр. Біз үзілісте қазақша мультфильм көреміз.

-Біздің сыныпта да теледидар бар. Біз үзілісте ән тыңдаймыз, сергіту жаттығуларын жасаймыз.